**Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының В қосымшасына түзетуді қабылдау туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 145 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. 2006 жылғы 17 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясы Тараптары Конференциясының екінші сессиясында қабылданған, Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына қоса беріліп отырған Киото хаттамасының В қосымшасына түзету қабылдансын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 25 тамыздағы № 145 Жарлығына ҚОСЫМША

**Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасының В қосымшасына ТҮЗЕТУ**

«Австрия» және «Бельгия» деген жолдардың арасына мынадай жол енгізілсін:

«Беларусь*                    92».

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК